

Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығымен .

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.11.07. N 1667 ж а р л ы ғ ы м е н .

Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібін айқындау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау ережелері бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1410 , 2005.11.07. 1667 жарлықтарымен .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары екі ай мерзім ішінде өздері шығарған нормативтік құқықтық актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. "Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 28 ақпандағы N 669 қаулысының;

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 28 ақпандағы N 669 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы ережеге толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 24 тамыздағы N 1326 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 6 қ ы р к ү й е к т е г і

N 3 1 2 0 Ж а р л ы ғ ы м е н

Бекітілген

Ескерту. Қосымшаның бүкіл мәтіні бойынша "Ереже" деген сөз "Ережелер" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1410 , мәтін бойынша сөздер алмастырылды - 2005.11.07. 1667 жарлықтарымен.

Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау ережелері

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.11.07. N 1667 жарлығымен.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және азаматтығын қалпына келтіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясына , "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу және одан айырылу туралы өтінімдерді (арыздарды) қабылдау, ресімдеу және қарау тәртібін айқындайды.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.11.07. N 1667 жарлығымен.

1. Жалпы ережелер

Ескерту. I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX, X" деген тараулардың нөмірлері тиісінше "1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10" деген цифрлармен ауыстырылды - ҚР Президентінің 2005.11.07. N 1667 жарлығымен.

1. Азаматтық мәселелері жөніндегі құжаттарды қабылдау өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша: Қазақстан Республикасының аумағында тұратын адамдар үшін - облыстардың, Алматы қаласының, Астана қаласының ішкі істер департаменттері, қалалардың, аудандардың және қалалардағы аудандардың ішкі істер басқармалары, бөлімдері (бұдан әрі - Ішкі істер органдары); Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұратын адамдар үшін - Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі - шет елдердегі мекемелер) жүзеге асырады.

Осы Ережелерде мынадай ұғымдар қолданылады:

- а) **басқа азаматтық** - басқа мемлекеттің азаматтығы;
- б) **шетел азаматы** - шетел мемлекетінің азаматтығын иеленуші адам;
- в) **азаматтығы жоқ адам** - Қазақстан Республикасының азаматтығына жатпайтын және басқа мемлекеттің азаматтығына жататындығына дәлелі жоқ адам ;

г) Қазақстан Республикасының азаматтығымен байланысты мәселелер бойынша өтініш берілген сәтке дейін он сегіз жасқа толмағандар **кәмелетке толмаған адам** болып саналады. Он сегіз жасқа толмай некеге отырған адам Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 17-бабының 2-тармағына сәйкес некеге отырған кезінен бастап кәмелетке толған деп есептелінеді;

д) **іс-әрекетке қабілетсіз адам** деп оның солай екені сот тәртібімен танылған адамды айтады;

е) заңмен өздерінің іс-әрекетке қабілетсіз адамдармен ата-аналық (бала асырап алу) қатынастары немесе қамқорлық жасау қатынастары фактісі негізінде кәмелетке толмағандардың немесе іс-әрекетке қабілетсіз адамдардың мүддесін білдіруге заңда өкілдік берілген адам **заңды өкіл** болып табылады. Заңды өкілдердің өкілеттігі заңмен белгіленеді;

ж) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заң күші бар жарлығының 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы алдындағы жемісті мемлекеттік, қоғамдық, шығармашылық қызметі, еңбектегі және қаһармандық ерлігі үшін оның еңбегінің танылуының белгісі ретінде Қазақстан Республикасының немесе бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік наградаларымен, құрмет грамоталарымен наградталған немесе құрметті атақтарына ие болған шетел азаматы, сондай-ақ азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасына ерекше еңбек сіңірген адам деп танылады;

з) (алынып тасталды - 2000.02.11. N 335 жарлығымен)

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.02.11. N 335 , 2005.11.07. 1667 жарлықтарымен.

2. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау

2. Қазақстан Республикасының азаматтығына Қазақстан Республикасының аумағында кемінде бес жыл заңды негізде тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұрған адамдар қабылдана алады. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінім берілген сәтте адамның тұру мерзімі және некеде болу мерзімі үзіліссіз болуға тиіс.

Заңның 16-бабы 1) тармақшасының екінші абзацында және 2) тармақшасында көрсетілген адамдар тұру мерзіміне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдана алады.

Қазақстан Республикасының аумағында тұру мерзімі Заңның 38-бабына сәйкес есептеледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1410 жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдар Қазақстан Республикасы Президентінің атына өзін Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш беріп, оны тұрақты тұратын жеріндегі ішкі істер органдарына табыс етеді.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекіткен нысандағы
с а у а л н а м а - ө т і н і ш ; < * >

- ө м і р б а я н ; < * >

- т ө р т ф о т о с у р е т ;

- Заңның 1-бабында көрсетілген шарттарды сақтайтындығы жөніндегі
м і н д е т т е м е ;

- жұмыс орнынан немесе оқу орнынан анықтама;

- сотталғаны немесе сотталмағаны жөніндегі анықтама;

- мемлекеттік бажды төлегені немесе оны төлеуден босатылғаны жөніндегі
қ ұ ж а т ;

- басқа мемлекеттің азаматтығының болмауы немесе тоқтатылғаны туралы
тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген анықтама.

Аталған құжаттардан басқа тарихи отаны ретінде Қазақстан Республикасына
тұрақты тұру үшін қайта оралған адамдар оралман куәлігін, шетел азаматына
арналған тұру рұқсатын және шетел азаматтығынан бас тарту туралы өтінішін
т а п с ы р а д ы .

Егер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінім
білдірген адам өтініш берген кезінде Қазақстан Республикасының азаматымен (
азаматшасымен) некеде тұрса, неке туралы куәліктің нотариат куәландырған
к ө ш і р м е с і н т а п с ы р а д ы .

Бұған қоса заңның 16-бабының бірінші бөлігінің 2-тармағында көрсетілген
адамдар Қазақстан Республикасының азаматтарымен туыстық дәрежесін
растайтын құжаттарды (тууы туралы куәлік, некеге тұру туралы куәлік және т.б.)
т а п с ы р а д ы .

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.02.11. N 335 ,
2004.08.02. N 1410 , 2005.11.07. 1667 жарлықтарымен .*

4 . < * >

*Ескерту. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1410
жарлығымен .*

5. Заңның 17-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасының ережесі Заңның 16-
бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген және
ішкі істер органдарына шетел азаматтығынан бас тарту туралы жазбаша өтініш
берген адамдарға қолданылмайды. Өтініш берген адамдар Қазақстан
Республикасының азаматтығына қабылданған жағдайда мұндай өтініш фактісі
туралы ақпарат, сондай-ақ олардың ұлттық паспорты тиесілі шет мемлекетке
жіберіледі. Бұл норма адам азаматы болып табылатын мемлекеттің заңы ол ерікті
түрде басқа азаматтықты қабылдаған кезде азаматтығынан өзінен-өзі айрылуын

көздейтін жағдайларда да қолданылмайды. <*>

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2000.02.11. N 335 , 2004.08.02. N 1410 жарлықтарымен.

6. 18 жасқа толмаған, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау жөніндегі өтінімді нотариат куәландырған, ал басқа мемлекеттерде - шет елдердегі мекемелер куәландырған олардың заңды өкілдері баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесін (асырап алушылар, қорғаншылар және қамқоршылар жергілікті атқару органы шешімінің көшірмесін тапсырады) немесе іс-әрекетке қабілетсіз адамның жеке басын куәландыратын құжатты қоса т а б ы с е т е д і .

14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалардың ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері берген өтінішке нотариат куәландырған, ал басқа мемлекеттерде - шет елдердегі мекемелер куәландырған жазбаша келісімі қоса берілуі қажет.

7. Өтініштердің, сауалнамалардың және өмірбаяндардың барлық даналарына өтініш беруші жазылған уақытын көрсетіп қол қоюға тиіс. Егер өтініш беруші сауатсыздығы немесе дене кемістігіне орай өтінішке қол қоя алмайтын болса, Заңның 33-бабына сәйкес оның сұрауы бойынша өтінішке басқа адам қол қояды, бұл жөнінде мемлекеттік нотариус немесе шет елдердегі мекеме өтінішке тиісті ж а з б а ж а с а й д ы .

Азаматтықты өзгерту туралы өтініштер міндетті түрде тіркелуге және қарауға жатады. Өтініш беруші осы Ережелерде көзделген барлық құжаттарды Заңмен белгіленген мерзімде тапсырмаған жағдайда, өтініш бойынша іс тоқтатылып, ол туралы өтініш білдіруші жазбаша түрде хабардар етіледі. <*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1410 жарлығымен.

8. Өтініш берушінің тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдары ресімделген материалдарды облыстардың, Алматы қаласының, Астана қаласының ішкі істер департаменттеріне жібереді, олар бұл жөнінде тиісті ұлттық қауіпсіздік о р г а н д а р ы м е н к е л і с е д і .

Облыстардың, Алматы қаласының және Астана қаласының ішкі істер департаменттері материалдарды ұлттық қауіпсіздік органдарының пікірімен қоса және олар бойынша қорытындыларды Ішкі істер министрлігіне жібереді, ол өз қорытындысын жасайды және оны материалдармен бірге Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөліміне ұсынады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.02.11. N 335 , 2004.08.02. N 1410 , 2005.11.07. 1667 жарлықтарымен.

9. Шет елдердегі мекемелер ресімделген материалдарды өз қорытындыларымен бірге Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жолдайды, ол Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келіскеннен кейін материалдарды өз қорытындысымен бірге Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөліміне жібереді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1410 жарлығымен.

1 0 . < * >

Ескерту. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1410 жарлығымен.

11. Өтініш берушіні Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауға қарсы болған жағдайда Ұлттық қауіпсіздік комитеті өз тұжырымын Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөліміне баяндайды. <*>

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1410 жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу

12. Республика аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің атына өтініш жазып, оны тұрақты тұратын жеріндегі ішкі істер органдарына тапсырады.

Ө т і н і ш к е :

- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекіткен нысандағы с а у а л н а м а - ө т і н і ш ; < * >

- ө м і р б а я н ; < * >

- ү ш ф о т о с у р е т ;

- балалардың тууы туралы және неке туралы куәліктердің көшірмесі; <*>

- жұмыс орнынан немесе оқу орнынан берілген анықтама, ал жұмыс істемейтіндерге - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің аумақтық органдарынан өтініш жасаушы адамның мемлекет алдында атқарылмаған міндеттерінің немесе азаматтардың, мемлекеттік органдардың және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың мүдделеріне байланысты мүліктік міндеттемелерінің бар-жоғы көрсетілген екі д а н а а н ы қ т а м а ; < * >

- әскерге шақыру жасындағы адамды міндетті әскери қызметін өткеруден босату туралы әскери комиссариаттан берілген анықтама;

- мемлекеттік бажды төлегені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы қ ұ ж а т қ о с а т і р к е л е д і .

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.02.11. N 335 , 2004.08.02. N 1410 жарлықтарымен.

13. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініш берген адам туралы ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінен ол адамның айыпкер ретінде қылмыстық жауапқа тартылғаны немесе заңды күшіне енген сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүргені жөнінде мәлімет сұрайды.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.02.11. N 335 , 2005.11.07. 1667 жарлықтарымен.

14. Республикадан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан азаматтығынан шығу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің атына шет елдердегі мекеме арқылы өтініш береді.

Ө т і н і ш к е :

- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бекіткен нысандағы сауалнама - өтініш ;

- ө м і р б а я н ;

- ү ш ф о т о с у р е т ;

- тууы туралы және неке туралы куәліктердің көшірмесі;

- консулдық алым төлегені туралы құжат қоса беріледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1410 жарлығымен .

15. Өтініштердің, сауалнамалардың және өмірбаяндардың барлық даналарын өтініш беруші осы Ережелердің 7-тармағында аталған талаптарды сақтай отырып толтыруға тиіс.

16. Егер өтініш берушінің Қазақстан Республикасында жұбайы (зайыбы) немесе оның асырауындағы адамдары бар болса, онда өтініш беруші бұлардың тарапынан өзіне материалдық немесе өзге де талаптардың жоқтығы жөнінде сол адамдардың нотариат куәландырған жазбаша өтінішін қоса ұсынады.

17. Кәмелетке толмағандардың және іс-әрекетке қабілетсіз адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініші осы Ережелердің 6-тармағында көзделген тәртіппен беріледі.

Қажет болған жағдайда некенің бұзылуы, ата-анасының біреуінің қайтыс болғаны, асырап алу, қорғаншылық пен қамқоршылық (тиісті жергілікті атқару органының шешімі), ата-аналық құқығынан айырылуы, алимент төлеуі туралы құжаттардың нотариат немесе шет елдердегі мекемелер куәландырған көшірмесі та п с ы р ы л у ғ а т и і с .

Егер ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматтары болса және олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығатындығы

әрі кәмелетке толмаған баласының да азаматтықтан шығуы жөнінде бір мезгілде өтініш берсе, ондай жағдайда ата-ананың екіншісінің баласының Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына деген көзқарасын білдіретін өтініші тапсырылады. Мұндай өтінішті нотариат, ал басқа мемлекеттерде шет елдердегі мекемелер куәландырады.

4. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру

18. Заңның 18-бабына сәйкес бұрын Қазақстан Республикасының азаматы болған адамның өтініші бойынша оның азаматтығы қалпына келтірілуі мүмкін.

Заңның 16-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасының ережелері бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында тұрған адамдарға қолданылмайды. <
* >

Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш Қазақстан Республикасы Президентінің атына беріледі.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.02.11. N 335 , 2004.08.02. N 1410 жарлықтарымен.

19. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы құжаттарды ресімдеу Заңның 33-бабының талаптары ескеріле отырып және осы Ережелердің 5-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы Ережелердің 5-тармағында көзделген құжаттардан басқа Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтінімге өтініш берушінің бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болғанын және оның республика аумағында тұрақты тұрғандығын (тууы туралы куәлік және т.б.) куәландыратын құжаттары қоса беріледі.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.11.07. 1667 жарлығымен.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия

20. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және оны қалпына келтіру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы материалдарды алдын-ала қарау үшін Азаматтық мәселелері жөнінде комиссия құрады.

Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның құрамында Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді.

Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысына Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен лауазымды адам басшылық жасайды.

Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия өзі жүргізіп отырған іс бойынша

тиісті мемлекеттік органдардан құжаттар мен материалдарды талап етуге хақылы , олар Комиссия белгілеген мерзімде қажетті ақпаратты табыс етеді.

Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның мәжілісі егер оған оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, құқылы болып табылады.

Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның шешімі мәжіліске қатысушы Комиссияның барлық мүшелерінің қол қойылған хаттамамен ресімделеді.

6. Қазақстан Республикасының азаматығына байланысты өтінімдерді қараудың тәртібі мен мерзімі

21. Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөлімі материалдарды Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу мүмкіндігі туралы өз қорытындысымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік-құқық мәселелері жөніндегі Комиссияға жолдайды.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.02.11. N 335 , 2004.08.02. N 1410 жарлықтарымен.

22. Азаматтық мәселелері жөніндегі өтініштер мен ұсыныстарды қарау кезінде Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия өтініш берушінің дәлелдерін, мемлекеттік органдардың ұсынысының қорытындыларының мазмұнын, өзге де құжаттар мен куәлардың тиісті түрде ресімделген жауаптарын жан-жақты саралайды.

23. Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия ұсынылған материалдарды қарайды және әрбір өтінім жөніндегі өз ұсынысын шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді.

24. Азаматтыққа қабылдау, азаматтығын өзгерту туралы өтінімдер жөнінде және өтінімдер қабылданбай тасталған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті жарлықтары шығарылады.

25. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтінімдер жөніндегі материалдарды қарау мерзімі жергілікті ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарында, шет елдердегі мекемелерде, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі комитетінде және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарында осы органдардың әрқайсысында бір айдан, ал жиынтығы - алты айдан аспауға тиіс.

7. Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі шешімдерді орындау

Ескерту. Тарау тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.11.07. 1667 жарлығымен.

26. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдарға қатысты азаматтық мәселелері жөніндегі шешімдерді орындау - халықты құжаттандыру және тіркеу жөніндегі уәкілетті органға, ал республикадан тысқары жерлерде тұратын адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жүктеледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2005.11.07. 1667 жарлығымен.

27. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Сыртқы істер министрлігі әрбір адамға қатысты азаматтық мәселелері жөніндегі шешімдердің орындалуы жөніндегі ақпаратты Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөліміне ұсынады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.02.11. 335 , 2004.08.02. N 1410 , 2005.11.07. 1667 жарлықтарымен.

8. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу

28. Заңның 21, 30 және 31-баптарының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылады және тіркеледі.

29. Жеке басының куәлігі немесе паспорты бойынша тұрып жатқан адам Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайды деген мәлімет немесе арыз түскен жағдайда ішкі істер органдары қажетті тексеру жүргізеді. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа мемлекеттің әскери қызметіне кіру және жалған мәліметтер мен жасанды құжаттар табыс ету, басқа мемлекеттің азаматтығын алу нәтижесінде Қазақстан Республикасының азаматтығын алу фактілері анықталған жағдайда, олар осы адамның азаматтықтан айырылғанын тіркейді.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.11.07. 1667 жарлығымен.

30. Шет елдердегі мекемелер мынадай жағдайларда Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды тіркейді:

егер Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматына қатысты оның басқа мемлекеттің әскери қызметіне, қауіпсіздік қызметіне, полициясына, әділет органдары мен өзге де мемлекеттік органдарына қызметке тұрғанын растайтын құжаттар немесе басқа сенімді мәліметтер болған жағдайда. Бұл ретте аталған органдармен жұмысшы кәсіптері (жүргізуші, слесарь, жинаушы, электрик және т.б.) бойынша міндеттерді орындауға шарт жасасқан адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылмайды;

егер адам шетелде тұрақты тұрған үш жыл ішінде дәлелді себептерсіз консулдық есепке тұрмаса. Үш жыл мерзім туралы ережелер 16-жасқа толмаған адамдарға қолданылмайды. Жағдаяттарға байланысты шет елдердегі мекеменің басшысы Қазақстан Республикасының азаматы консулдық есепке уақытылы тұрмауы себептерінің дәлелді немесе дәлелсіз екендігіне өз бетінше баға береді;

егер Қазақстан Республикасы азаматтығының жалған мәліметтер мен жасанды құжаттар табыс ету нәтижесінде алынғаны белгілі болса;

егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1410 , 2005.11.07. 1667 жарлықтарымен

31. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды тіркеу өзін Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру туралы шешім қабылдаудың себептері мен негіздері туралы осы адам хабардар етілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

32. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөліміне әрбір жартыжылдықта және әрбір жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адамдар туралы ақпарат табыс етіп отырады. <*>

Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.02.11. 335 , 2004.08.02. N 1410 жарлықтарымен.

9. Азаматтық мәселелері бойынша шешімдерге шағым жасау

33. Азаматтық мәселелері бойынша өтініштерді қабылдаудан негізсіз бас тартуға, материалдарды қарау мерзімдерін бұзу, сондай-ақ лауазымды адамдардың азаматтық мәселелері жөніндегі шешімдерді қарау немесе орындау тәртібі бойынша басқа да заңсыз іс-әрекеттеріне заңдарда белгіленген тәртіппен бағыныстылық жағынан жоғары тұрған лауазымды адамға не сотқа шағым берілуі мүмкін.

Азаматтыққа жатқызу немесе азаматтықтан айыру туралы мәселелер жөніндегі шешімдердің үстінен шағымдар Қазақстан Республикасы Президентінің атына беріледі.

Азаматтық мәселелері бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының Президенті қайта қарауы мүмкін.

Азаматтық мәселелері бойынша қайталап жасалған өтінім осы мәселе бойынша қабылданған алдыңғы шешімнен кейін бір жыл өткен соң қаралады.

10. Азаматтық мәселелері бойынша қосымша құжаттар талап ету

34. Азаматтық мәселелері бойынша материалдарды ресімдеуді жүзеге асыратын ішкі істер органдары мен шет елдердегі мекемелердің қажет болған

жағдайда өтініш берушіден қаралатын мәселеге қатысты қосымша құжаттарды талап етуге құқығы бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК